

Ассоциациялардағы, корпорациялардағы, компаниялардағы және басқа бірлестіктердегі еңбекті қорғау қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек Министрлігі 1994 жылғы 30 наурыздағы N 18 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 18. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы желтоқсанның 17-сіндегі N 1270 P931270 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерінің және ведомстволарының қатысуымен Еңбекті қорғау департаменті талдап жасаған Ассоциациялардағы, корпорациялардағы, компаниялардағы және басқа бірлестіктердегі еңбекті қорғау қызметі туралы үлгі ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ассоциациялардың, корпорациялардың, компаниялардың және басқа бірлестіктердің басшылары саланың нақты жағдайлары мен ерекшеліктерін есепке ала отырып, Үлгі ереже негізінде еңбекті қорғау қызметі туралы өздерінің ережелерін бекітетін болсын, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау департаментімен алдын ала келісіп алуы тиіс.

Министр

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрлігінің
1994 жылғы 30 наурыздың
N 53 қаулысымен
Бекітілген

**Ассоциациялардағы, корпорациялардағы,
компаниялардағы және басқа бірлестіктердегі
еңбекті қорғау қызметі туралы
Үлгі ереже**

I. Жалпы ережелері

1.1. Ассоциациялардың, корпорациялардың, компаниялардың және басқа

бірлестіктердің 1) <*> орталық аппараттарының ұйымдық құрылымдарында еңбекті қорғау қызметі (бөлімі) құрылады, бұл дербес құрылымдық бөлімше болып есептеледі және тікелей бірінші басшыға бағынады.

1.2. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z933000_16-бабына сәйкес еңбекті қорғау қызметі мәртебесі жөніндегі негізгі өндірістік қызметтерге теңеледі және еңбекті қорғау қызметі 2) <*> қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары тиісінше соларға теңестірілуі тиіс.

1.3. Қызмет өзінің жұмысында Қазақстан Республикасының конституциясын, "Еңбекті қорғау туралы", "Ұжымдық шарттар туралы" Заңдарды және басқа да заң актілерін, нормативтік құжаттарды, сондай-ақ осы Үлгі ережені басшылыққа а л а д ы .

1.4. Қызмет өзінің жұмысын бірлестіктің құрылымдық бөлімшелерімен, кәсіпорындарымен және басқа да ұйымдармен, Еңбекті қорғаудың мемлекеттік инспекциясымен, Еңбек министрлігінің Еңбекті қорғау департаментімен Мемкентехқадағалаумен, Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автоинспекциясымен (МАИ), Мемлекеттік өртті қадағалау органымен, Білім министрлігімен, Қазақстан Республикасының прокуратурасымен және кәсіподақтармен тығыз байланысты жүргізеді.

<*> 1) Бұдан былай "ассоциация, корпорация, компания және басқа бірлестіктер" "бірлестіктер" деп аталады.

<*> 2) Бұдан былай "еңбекті қорғау" деген сөздер түсіп қалады.

ІІ. Негізгі міндеттері

2. Бірлестіктің негізгі міндеттері мыналар болып саналады:

2.1. Бірлестіктің кәсіпорындары мен ұйымдарының еңбекті қорғау саласындағы қызметін ұйымдық-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету және өндірісте еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруда және жүзеге асыруда олардың бірыңғай тәртіпті қамтамасыз етуіне бақылау жасау, сондай-ақ "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру.

2.2. Жұмыс істеушілердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, өндірістік зақымданудың және кәсіби аурулардың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды сондай-ақ ведомстволық бақылауды үнемі ж е т і л д і р е б е р у .

2.3. Салада еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру, нормативтік, оқу-әдістемелік құжаттарды талдап жасауды қамтамасыз ету. Осы мәселелер бойынша озат тәжірибе мектептерін, семинар-кеңестерді, көрмелер мен ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру және олардың ж ұ м ы с ы н ж ү р г і з у .

2.4. Барлық кәсіпорындардың өндірістегі кездейсоқ оқиғаларды тексеру және оларды есебін жүргізу ережелерін сақтауды қамтамасыз ету. Бірлестіктің

кәсіпорындары мен ұйымдарында еңбекті қорғаудың жағдайына үнемі талдау ж а с а п о т ы р у .

III. Міндетті қызметтері

3. Қызмет оған жүктелген негізгі міндеттерге сәйкес:

3.1. Бірлестіктің және Еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының шешімдерінің орындалу барысына үнемі б а қ ы л а у ж а с а п о т ы р а д ы .

3.2. Кәсіпорындарда салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі ұсыныстарын талдап жасап, бірлестік басшысына енгізіп отырады.

3.3. Кәсіпорындардағы еңбекті қорғау қызметіне әдістемелік басшылық жасайды және олардың қатысуымен сала жүйесінде еңбекті қорғаудың бірыңғай с а я с а т ы н ж ү р г і з е д і .

3.4. Кәсіпорындардағы өндірістік зақымданудың және кәсіби аурулардың ахуалы мен олардың пайда болу себептеріне талдау жасайды және бірлестіктің басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып олардың алдын алу шараларын талдап ж а с а й д ы .

3.5. Бірлестік басшылығының тапсыруы бойынша құрылысы аяқталған немесе қайта құрылған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысына қатысады.

3.6. Өндірістік бөлімшелерді, кәсіпорындарды еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық әдебиеттермен қамтамасыз ету, кабинеттерді қажетті оқу құралдарымен, макеттермен, анықтамалық әдебиетпен, плакаттармен, жабдықтау жөнінде шаралар қабылдайды.

3.7. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері жөнінде басшылар құрамы мен мамандарды оқытуды, мамандықтарын арттыруды, аттестациядан өткізуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

3.8. Қызметтің құзырына жататын мәселелер жөнінде еңбекшілердің хаттарын , мәлімдемелері мен арыздарын қарайды.

3.9. Бірлестіктің басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып мына мәселелер бойынша кәсіпорындардың жұмысын тексеруді ұйымдастырады немесе тексеру ж ү р г і з і л е д і :

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру;
еңбекті қорғау жөніндегі заңдардың сақталуы;
бірлестіктің бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуы;
еңбек жағдайларын жақсарту, еңбекті қорғау және санитарлық-сауықтыру шараларын жетілдіру бағдарламаларының, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі келісімдердің орындалуы;
еңбек қауіпсіздігі стандарттарын енгізуді;

еңбек жағдайлары жөнінде цехтардың санитарлық-техникалық ахуалын паспорттандырылған және жұмыс орындарын аттестациядан өткізуді;

жұмыс істеушілерді оқытуды, еңбекті қорғау кабинеттерінің жұмысын ұйымдастырады, жұмыстың озат тәжірибесін енгізуді;

Өндірістегі кездейсоқ оқиғаларды тексеру және есепке алу туралы ереженің с а қ т а л у ы н ;

арнаулы киімдерді, арнаулы аяқкиімдерді және адамның жеке басын қорғаудың басқа да құралдарын жуудың, химиялық тазартудың, кептірудің, шаңын кетірудің, зиянсыз болуының және жөнделуінің ұйымдастырылуын.

I V . Н е г і з г і к ۇ қ ы қ т а р ы

4. Қызмет атқарушылардың мынадай құқықтары бар:

4.1. Бірлестіктің қарауындағы кәсіпорындарға кедергісіз баруға, өндірістік, қызмет және тұрмыс үйлерін қарауға, еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі есептермен, статистикалық және басқа құжаттармен танысуға.

4.2. Құрылымдық бөлімшелердің, кәсіпорындардың, шаруашылықтардың, еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі қызметін, жол қатынасы қауіпсіздігі мен өрттен қорғау шараларын тағайындалған тәртіп бойынша тексеруден өткізуге, орындалуы міндетті болып саналатын қажетті жарлықтар беруге және оларға ж а у а п а л у ғ а .

4.3. Басшылықпен келісе отырып бірлестік аппаратының мамандарын, сондай-ақ кәсіпорындар қызметкерлерін тексеру жүргізуге қатыстыруға.

4.4. Бірлестік басшылығына мынадай ұсыныстар енгізуге:

- өндірісте салауаты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізген кәсіпорындар ұжымдарын, жекелеген қызметкерлерді к ө т е р м е л е у т у р а л ы ;

- еңбек заңдарын, ережелерді, нормаларды, нұсқауларды бұзуға кінәлі лауазымды адамдарды тағайындалған тәртіп бойынша жауапқа тарту туралы;

- кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) басшыларының еңбекті қорғау, транспорт құралдарын қауіпсіз пайдалану жөніндегі және өртке қарсы шаралардың қолданылып жүрген заңдарға, стандарттарға және басқа да нормативтік актілерге қайшы келетін бұйрықтары мен өкімдерін бұзу туралы;

- басқарма (кеңес) мәжілістерінде және тұрақты жұмыс істейтін комиссияда еңбекті қорғау, жол қатынасы қауіпсіздігі және өртке қарсы мәселелерді қарау т у р а л ы .

4.5. Бірлестіктің құрылымдық бөлімшелерінен, сондай-ақ кәсіпорындардан қызметтің құзырына жататын мәселелер жөнінде тағайындалған тәртіп бойынша ақпараттар және басқа да материалдар сұратуға және алуға.

4.6. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда қызметтің құзырына қатысты мәселелер қаралған жағдайда бірлестік атынан өкіл болуға.

5. Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөнінде ведомстволық бақылауды ұйымдастырудың тиімді болуы үшін қызмет кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) басшыларымен бірге жауап береді.

6. Қызметтің құрылымы мен штаты белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі. Еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің жоғары техникалық білімі және тиісті саладағы өндірісте жұмыс стажы кемінде _____ жыл болуы тиіс.

7. Қызмет жұмысын бастық басқарады, оны бірлестіктің бастығы өзінің бұйрығымен тағайындайды және босатады.

8. Еңбекті қорғау қызметінің бастығы қызметтің жұмысын ұйымдастырады, қызметкерлердің атқаратын міндеттерінің шеңберін белгілейді және Қызмет туралы ережеде белгіленген міндеттердің орындалуына жауап береді.